

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 3 қазандағы N 911 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 26.01.2009 N 45 (01.01.2009 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;**

2) "2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1223 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

V "Қаржы активтерімен жасалатын операцияда бойынша сальдо" бөлімінде:

13 "Басқалар" функционалдық тобында:

09 "Басқалар" ішкі функциясында:

220 "Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі" әкімшісі бойынша:

"2 095 000" деген сандар "4 095 000" деген сандармен ауыстырылсын;

016 "Самрұқ" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту" бағдарламасында:

"2 095 000" деген сандар "4 095 000" деген сандармен ауыстырылсын;

225 "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі" әкімшісі бойынша:

"7 672 436" деген сандар "1 000 000" деген сандармен ауыстырылсын;

"057 "Самғау" ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту" 7 672 436" бағдарламасы алынып тасталсын;

"081 "Парасат" ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі" АҚ-ның жарғылық капиталын қалыптастыру" 1000 000" бағдарламасымен толықтырылсын;

"011 "Ғарыштық байланыс және радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі республикалық орталығы" АҚ-ның капиталын ұлғайту" 2 099 562" бағдарламасынан кейін:

мынадай мазмұндағы бюджеттік бағдарламалардың әкімшісімен және бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"603 "Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі" 4 672 436

014 "Зерде" ұлттық инфокоммуникация холдингі" АҚ-ның жарғылық капиталын қалыптастыру" 4 672 436";

3) "2008 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 қаулысында :

1-тармақта:

18) тармақшада:

"259" деген сандар алынып тасталсын;

"262-2" деген сандардан кейін ", 262-3" деген сандармен толықтырылсын;

29) тармақшада "375" деген сандардан кейін ", 375-1" деген сандармен толықтырылсын;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бойынша:

көрсетілген қаулыға 259-қосымша алынып тасталсын;

осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес 262-3-қосымшамен толықтырылсын;

Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі бойынша:

осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес 375-1-қосымшамен толықтырылсын.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.01.2009 N 45 (01.01.2009 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен**

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2008 жылғы 3 қазандағы

N 911 қаулысына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1224 қаулысына

262-3-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2008** жылға арналған

"Парасат" АҚ-ның жарғылық капиталын қалыптастыру"

деген 081 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 1000000 мың теңге (бір миллиард теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 9 шілдедегі "Ғылым туралы" заң; Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895 "Қазақстан

Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Жарлығы; Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Жарлығы; Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 20 маусымдағы N 348 "Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2007-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығы; 2007 жылғы 28 ақпандағы Мемлекет Басшысының Қазақстан халқына "Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан" атты Жолдауы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 қарашадағы N 1057 "Ғылым қоры" акционерлік қоғамын құру туралы" қаулысы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 "Мемлекет басшысының 2005-2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" қаулысы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 тамыздағы N 758 "Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2007-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған (I кезең) іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** Еліміздің ғылыми-технологиялық дамуы үшін төмендегідей жолдармен жағдайлар жасау:

елімізде ғылыми зерттеулердің нәтижелерін іс жүзінде іске асыруды қамтамасыз ететін ғылыми-зерттеулер және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың дамуына көмек көрсету. Жеке және кәсіпкерлік секторлардың ғылым дамуына қатысуын ынталандыру, соның ішінде ғылыми-зерттеулерді және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын бірлесіп қаржыландыру жолымен жағдайлар жасау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:**

ғылыми-зерттеулер және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар бойынша жобаларды қаржыландыру жөніндегі іс-шараларды, соның ішінде ғылыми-зерттеулер және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды дамытуға жәрдемдесуге бағытталған жобаларды таңдау, талдау, сараптау, мониторингілеу және өзге де іс-шараларын жүзеге асыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

N P/ с	Бағдар- лама коды	Кіші бағдар- лама коды	Бағдарла- маның (кіші бағдарла- маның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асы- ру мер- зі мі	Жауапты орындаушылар

1	2	3	4	5	6	7
1	081		"Парасат" АҚ-ның жарғылық капиталын қалыптастыру	Ғылыми-зерттеулер және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың дамуына көмек көрсету мақсатында, соның ішінде ғылыми-зерттеулер және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар бойынша жобаларды қаржыландыру жолымен "Ғылым қоры" АҚ еншілес ұйымының жарғылық капиталын толықтыру үшін "Парасат" Ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі" АҚ жарғылық капиталын қалыптастыру	Жыл бойы	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, "Парасат" Ұлттық ғылыми технологиялық холдингі" АҚ

## 7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Тікелей нәтиже:

"Парасат" Ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі" АҚ жарғылық капиталын қалыптастыру арқылы "Ғылым қоры" АҚ жарғылық капиталын толықтыру.

Соңғы нәтиже:

ғылыми-зерттеулер және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қолдайтын кешенді жүйелер құру; ғылыми-техникалық өнімдер және қызмет көрсету нарығын капиталдандыруды арттыру; 2012 жылға тәжірибелі ғылыми-зерттеулер және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар бойынша 5 перспективалық жобаны өндіру.

Сапасы:

- "Парасат" Ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі" АҚ құрамына кірген компаниялардың қызметінің тиімділігін арттыру;

- елімізде ғылыми-зерттеулер және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижелерін іс жүзінде іске асыруды қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2008 жылғы 3 қазандағы

N 911 қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1224 қаулысына

375-1 қосымша

**603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі**

**бюджеттік бағдарламаның әкімшісі**

**2008 жылға арналған**

**014 "Зерде" ұлттық инфокоммуникация холдингі" АҚ-ның жарғылық капиталын қалыптастыру"**

деген республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 4 672 436 мың теңге (төрт миллиард алты жүз жетпіс екі миллион төрт жүз отыз алты мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** Қазақстан Республикасының "электрондық үкімет" дамытудың 2008-2010 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 қарашадағы N 1155-1 қаулысы; "Арна Медиа" ұлттық ақпараттық холдингі, "Парасат" ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі, "Зерде" ұлттық инфокоммуникация холдингі" акционерлік қоғамдарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 3 шілдедегі N 668 қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** Еліміздің ғылыми-технологиялық дамуы үшін төмендегідей жолдармен жағдайлар жасау: еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ұлттық масштабтың ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын қалыптастыру және барлық азаматтарға, олардың әлеуметтік жағдайына, жасына және ақпаратқа бейімділігіне, ақпараттық-коммуникациялық-қызмет көрсетуіне қарамастан тең пайдалануына мүмкіндік беру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:**

Қазақстан Республикасының барлық аймақтарын қамтитын, облыстық және аудандық орталықтарын есепке ала отырып, сондай-ақ облыс қарамағындағы қалаларда ақпараттық және телекоммуникациялық инфрақұрылымдар құру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

N	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
			"Зерде" ұлттық инфокомму-	Ұлттық масштабтың ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын қалыптастыру мақсатында "Kazsatnet" ұлттық		Қазақстан Республи-

1	014	никация холдингі" АҚ-ның жарғылық капиталын қалыптастыру	компаниясы" АҚ еншілес ұйымының жарғылық капиталын толықтыру үшін "Зерде" ұлттық инфокоммуникация холдингі" АҚ-ның жарғылық капиталын қалыптастыру.	Жыл бойы	касы Ақпарат-тандыру және байланыс агенттігі
---	-----	--	---	----------	--

**Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: "Зерде" ұлттық инфокоммуникация холдингі" АҚ-ның жарғылық капиталын толықтыру арқылы "Kazsatnet" ұлттық компаниясы" АҚ жарғылық капиталын толықтыру; Қазақстан Республикасы аумағының мемлекеттік органдарында спутниктік мультисервистік желіні пайдалануды ұйымдастыру және енгізу.

**Соңғы нәтиже:** Аумақтық бөлімшелерімен бірге орталық атқару органдардың ақпараттық жүйелердің біріктіруі. Орталық атқару органдардың және олардың аумақтық бөлімшелері арасында ведомствоаралық электрондық құжат айналымының іс-қимылы.

**Қаржылық—экономикалық нәтиже:**

Деректерді өңдеудің бірыңғай орталығы жабдық және персонал бойынша нығаюға тиімді болады. Мемлекеттік органдар үшін жабдықтарды сатып алу және аппараттық-бағдарламалық құралдарды сүйемелдеу қаражатты үнемдейді, сондай-ақ, мемлекеттік органдар өзінің жеке меншік серверлік үй-жайларын құруға шығынданбайды.

**Уақыттылығы:** өндірістік жоспарға сәйкес іс-шаралардың орындалуы.

**Сапасы:** "Зерде" ұлттық инфокоммуникация холдингі" АҚ құрамына кірген компаниялардың қызметінің тиімділігін арттыру; е-үкіметі ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуі үшін қажетті телекоммуникациялық ресурстарда мұқтаждықтарды қамтамасыз ету.